

## СИПАТТАМАСЫ

- A ON/STANDBY түймесі
- B +/- реттеу түймелері
- C Тербелту түймесі
- D ECO функциясының түймесі
- E Таймер түймесі
- F MODE түймесі (пайдалану режимін таңдауға арналған)
- G Қуаттың индикатор шамы

## ПАЙДАЛАНУ

### Орнату

Бұл құрылғыны кез келген көлденең бетте пайдалануға болады.

Электр желісіне күш түсірмеңіз. Бір розеткаға басқа құрылғылардың да қосылуын болдырмаңыз.

### Электр желісіне қосу

Құрылғыны розеткаға енгізбес бұрын, розеткадағы қуаттың құрылғыдағы төлқұжат тақташасында көрсетілген қуатпен сәйкес екеніне және розетка қуаты түсіретін жүктің сәйкестігіне көз жеткізіңіз.

### Іске қосу және пайдалану

- Құрылғыны розеткаға қосыңыз.
- Құрылғы іске қосылы болған кезде құрылғы дыбысты сигнал шығарады және индикатор шамы (G) жанады және жанған күйде қалады. Құрылғы STANDBY режиміне өтеді.
- Құрылғыны іске қосу үшін ON/STANDBY түймесін (A) басыңыз. Ол алдын ала айқындалған параметрмен қызуды бастайды.
- Мына қол жетімді функциялардың біреуін таңдау үшін MODE түймесін (F) басыңыз:

#### • Желдету ✖

Осы жұмыс істеу режимінде тек желдеткіш қана жұмыс істейді және құрылғы бөлмені жылытпайды.

#### • Қатудан қорғау ✖

Осы жұмыс істеу режимінде құрылғы қатудың алдын алу үшін бөлме температурасын 45°F (7°C) деңгейінде сақтайды.

#### • Қыздыру 1 және Қыздыру 2

Бұл жұмыс істеу режимінде қалаған

температураны + және – реттеу түймелерін (B) басу арқылы реттетеуге болады.

#### - Қыздыру 1 (ең төменгі қуат деңгейі):

Құрылғы ең төменгі қуатпен жұмыс істеу арқылы шуыл және тұтынылатын қуат деңгейін барынша азайтады.

#### - Қыздыру 2 (ең жоғарғы қуат деңгейі):

Бөлмені тез қыздыру үшін құрылғы ең жоғарғы деңгейдегі қуатпен жұмыс істейді.

### ECO функциясы

Осы жұмыс істеу режимінде іске қосылы болған кезде құрылғы қуат тұтынуды азайту барысында ең жақсы қолайлылыққа кепілдік беру үшін ең тиісті қуат деңгейін автоматты түрде орнатады.

Осы жұмыс режимінде құрылғы қыздыру қуатының деңгейін бір сағат ішінде ең жоғарғыдан ең төменгіге және керісінше бірнеше рет ауыстырып қосуы мүмкін. ECO функциясын пайдаланған кезде, ең жоғарғы температура параметрі 79°F (26°C) болады. Бұл функцияны іске қосу үшін ECO түймесін (D) басыңыз.

### Тербелту түймесі

Егер бұл құрылғы ауа ағынын үлкен аймаққа таратсын десеңіз, тербету түймесін (C) басыңыз . Құрылғы одан кейін оңға және солға тербеле бастайды. Тербелуді тоқтату үшін тербету түймесін (C) қайта баса салыңыз.

### Құрылғыны өшіріңіз

Құрылғыны өшіру үшін ON/STAND-BY түймесін (A) басыңыз. Дисплей шамамен 6 секунд бойы кері есептеу таймерін көрсетуі мүмкін. Құрылғыны толығымен өшіру үшін, ашаны розеткадан суырыңыз.



**Ескеріңіз:** Дисплей температураны °C және °F өлшем бірлігі бойынша көрсете алады. Температура шкаласын өзгерту үшін, + түймесін шамамен 10 секунд басып тұрып барып босатыңыз. Көрсетілген температураның нақты жағдайдағы температураға дәл сәйкес болмауы мүмкін екенін ескертеміз.

### 24 САҒАТТЫҚ САНДЫҚ ТАЙМЕР

Бұл функцияны кез келген пайдалану режимінен

іске қосуға болады.

**Кешіктіріп іске қосу:** құрылғы STAND-BY режимінде болған кезде, таймер түймесін (E)  басыңыз.

Дисплейде  белгісі мен іске қосылуға дейінгі уақыт көрсетіледі. Таймерді орнату үшін, + және - реттеу түймелерін (B) пайдаланыңыз, сосын бағдарлама орнатылуы үшін бірнеше секунд күтіңіз.

Дисплей күту режиміне оралып,  белгісі таймер орнатылғанын көрсету үшін пайда болады. Бағдарламаланған уақыт аяқталған кезде, құрылғы осыған дейінгі пайдалану кезеңінде пайдаланылған параметрлермен іске қосылады.

**Кешіктіріп өшіру:** Құрылғы қосылған кезде, таймер түймесін (E)  басыңыз. Дисплейде  белгісі мен өшіруге дейінгі уақыт көрсетіледі. Таймерді орнату үшін, + және - реттеу түймелерін (B) пайдаланыңыз, сосын бағдарлама орнатылуы үшін бірнеше секунд күтіңіз. Дисплей қайтадан ағымдағы параметрді көрсетеді және  белгісі таймер орнатылғанын көрсету үшін пайда болады. Бағдарламаланған уақыт аяқталған кезде, құрылғы автоматты түрде ажыратылады. Таймерсіз пайдалану режиміне қайтқыңыз келсе, таймер түймесін (E) екі рет басыңыз. Дисплейден  таймер таңбасы жоғалады.

**ЕСКЕРТПЕ:** Таймерді 30 минуттан 10 сағатқа дейін 30 минуттың аралыққа орнатуға, одан кейін бір сағаттық аралыққа орнатуға болады.

### Қашықтан басқару құралын пайдалану

Қашықтан басқару функциялары басқару тақтасындағы функцияларға сай.

Функциялардың сипаттамалары туралы ақпаратты алдыңғы беттегі «Іске қосу және пайдалану» бөлімінен көріңіз.

**ЕСКЕРТПЕ:** Қашықтан басқару құралын пайдаланбас бұрын, оның түбіндегі пластик тілшені алып тастауыңыз керек.



**Маңызды!** Бұл өнім түйме тәрізді батареямен жұмыс істейді. Оны біреу жұтып қойса, қатты күйікке немесе 2 сағаттың ішінде өлімге әкелуі мүмкін. Ондай жағдайда дереу медициналық көмекке жүгініңіз.

### Қашықтан басқару құралының батареясын ауыстыру


- Қашықтан басқару құралының артындағы батарея ұстағышын ашыңыз (төмендегі суретті көріңіз).
- CR2025 түріндегі 3 В батареяны ұстағышқа салып, оның полярлығының (+ және -) дұрыстығына көз жеткізіңіз, сосын ұстағышты қашықтан басқару құралындағы орнына салыңыз.

Қашықтан басқару құралы пайдалануға дайын.



**Ескеріңіз:** Егер қашықтан басқару құралы тасталса немесе ауыстырылса, батареяны алып, қолданыстағы өз күшіндегі ережелерге сай тастау керек, себебі батареялар қоршаған ортаға зиян келтіреді.

Батареяны отқа тастамаңыз, себебі ол жарылуы немесе қауіпті сұйықтықтарды шығаруы мүмкін.



### ҚОСЫМША ҚАУІПСІЗДІК МҮМКІНДІКТЕРІ

1. **Шамадан тыс қызудан қорғау:** егер құрылғы шамадан тыс қызып кетсе, оны қауіпсіздік құралы автоматты түрде өшіреді (мысалы: ауа кіру және шығу саңылаулары бітеліп, құрылғы қызып кеткен жағдайда). Мұндай жағдайда құрылғыны розеткадан ажыратып, біраз суытып қойыңыз. Қызып кету себебін жойып, желдеткіші бар жылытқышты розеткаға қайта енгізіп, іске қосыңыз. Егер құрылғы жұмыс істемесе, De'Longhi тұтынушыларды қолдау қызметімен хабарласыңыз.
2. **Құлағанда автоматты ажырату құралы:** бұл жылытқыш құлап кеткенде немесе дұрыс

орналаспағанда, осылайша қауіп төндірген кезде оны автоматты түрде ажырататын сақтандырғыш құралмен жабдықталған. Құрылғы тік орналастырылған соң, ол автоматты түрде STANDBY режиміне өтеді.



**Ескеріңіз:** Құрылғының шамадан тыс қызып кетуіне жол бермеу үшін оның үстін ешнәрсемен жаппаңыз.

## АҚАУЛЫҚТАРДЫ ЖОЮ

"RF" жазуы көрінсе және ескерту дыбысты сигналы шықса, онда температура сенсорында ақаулық болғаны. Проблема шешілмесе, DeLonghi тұтынушыларға қызмет көрсету орталығымен хабарласыңыз.

Құрылғы күтпеген кезде өшіп қалса:

- Құрылғыға ток келіп тұрғанына көз жеткізіңіз.
- Құрылғының тік бағытта дұрыс орналасқанын және тегіс бетке қойылғанын тексеріңіз, себебі құлаған жағдайда ажырататын сақтандыру құралы іске қосылған болуы мүмкін.
- Температураның және таймердің орнатылғанын тексеріңіз: құрылғы орнатылған температураға жеткенде немесе орнатылған таймер уақыты аяқталғанда өшірілген болуы мүмкін.

## КҮТІМ КӨРСЕТУ

- Кез келген техникалық күтімді көрсету алдында құрылғыны әрқашан розеткадан суырып отырыңыз.
- Құрылғы үнемі қолданыста болатын мезгіл барысында ауа кіру тесігі мен ауа шығу торын шаңсорғышпен тұрақты түрде тазалап отырыңыз.
- Құрылғыны тазалау үшін ешқашан қырғыш ұнтақтарды немесе ерітінділерді пайдаланбаңыз.

## ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

Ток кернеуі Деректер тақтайшасын көріңіз  
Жұтылатын қуат "

## ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

Бұйым түрі: өнімдегі таңбалауға

қараңыз

Үлгі:

Кернеу:

Жиілік:

Қуаты:

"  
"  
"  
"

## Қытайда:

De'Longhi Appliances s.r.l.

via L.Seitz, 47 - 31100 Treviso Italy

Де'Лонги Апплайансиз с.р.л.

Виа Л. Зейц, 47 31100 Тревизо Италия үшін жасалған.

**Кедендік одақтар территориясында тұтынушыларға тасымалдау үшін жауап кершілікті және импортер:**

"Делонги" ЖШҚ

127055 Ресей, Мәскеу қ.

Суцёвская көшесі, 27-үй, 3-ғимарат

Тел.: +7 (495) 781-26-76

Бұл құрылғы пайдалану нұсқаулығында көрсетілгендей жолмен пайдаланылады. Өнімнің мерзімі сатып алынған күннен бастап 2 жылға созылады.

## Сақтау шарттары:

Ылғалдылық ауқымы < 80% және температура ауқымы + 5°C және + 45°C аралығындағы бөлмелер.

Бұйым шығарылған күнін бұйым корпусында жазылған сериялық нөмір бойынша анықтау мүмкін. (Сериялық нөмірі: ASSCC, бұл жерде А – өнім жасалған жылдың соңғы саны, SS – өнім жасалған апта, CC – басып шығару күні, 1992 жылдан бастап автоматты түрде есептеледі. Мысалы: Сер.№ 30411, өнім жасалған жыл – 2003, өнім жасалған апта – 4)

**ЕАС**

## АҚАУЛЫҚТАРДЫ ЖОЮ

| ПРОБЛЕМА                                 | СЕБЕБІ                                                                                                                                                   | ШЕШІМІ                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |
|------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| PF жазуы көрінеді                        | Температура сенсоры дұрыс жұмыс істемеуде                                                                                                                | Бұйымға техникалық қызмет көрсету қажет. Көмек сұрау үшін тегін қолдау желісіне хабарласыңыз                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |
| Бұйым іске қосылмайды                    | Қуат сымының ашасы розеткаға енгізілгенін тексеріңіз<br><br>Көрсетілген бастау таймері қосулы<br><br>Бөлме температурасы орнатылған температураға жетеді | Розеткаға енгізіңіз<br><br>Орнатылған уақыт аяқталғанша күтіңіз немесе кешіктіріп іске қосу функциясынан бас тарту үшін (E) түймесін екі рет басыңыз және (A) түймесін басыңыз<br><br>Орнатылған температураны арттыру үшін "+" түймесін қолданыңыз                                                                                                                                                                                                                                |
| Құрылғы өзінен-өзі өшеді                 | Құлау сенсоры іске қосылған                                                                                                                              | Құрылғының тегіс жерде тік тұрғанына көз жеткізіңіз. Бұл проблема шешілмесе, көмек сұрау үшін тегін қолдау желісіне хабарласыңыз                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
| Дисплейде "Ht" жазуы жыпылықтап көрінеді | Ішкі температура тым жоғары. Ауа кіру және шығу торы бітеліп қалған                                                                                      | Құрылғының қабырғаға немесе басқа заттарға дейінгі арақашықтығын пайдалану нұсқаулығында көрсетілген минималды қашықтықтарды сақтай отырып дұрыс орналастырылғанына көз жеткізіңіз. Олай болмаса, құрылғыны дұрыс орналастырыңыз<br><br>Кедергіні алып тастаңыз<br><br>Қуат сымының ашасын розеткадан суырып, құрылғыны суытып қойыңыз. Бірнеше минуттан соң құрылғыны розеткаға қайта қосыңыз. Егер құрылғы сонда да жұмыс істемесе, De'Longhi тегін қолдау желісіне хабарласыңыз |